

Хаттама №1

Қатысуға тиісті:20

Қатысқаны:20

Күні:28.08.2023 ж

Күн тәртібінде

1. 2022-2023 оқу жылы 11- сыныптардың ҰБТ нәтижесі
2. 2023-2024 оқу жылындағы жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстыру.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспарымен таныстыру, талқылау, бекітуге ұсыну.
- 4.Әдістемелік бірлестіктер жоспарын қарау, бекітуге ұсыну
- 5.Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларының сапалығы мен бекітілуін қадағалау қорытындысы.

Тыңдалды:

Т.Есетов атындағы №264 мектеп –лицейінің әдістемелік кабинетінде 28 тамыз күні кеңес болып өтті. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Бексейтова сөз алып, 2022-2023 оқу жылындағы 11 сыныптың ҰБТ нәтижесімен таныстырып өтті. Барлығы-161 бітіруші түлектен-159 оқушы ҰБТ-ға қатысып, нәтижесінде -153 оқушы ЖОО түсіп, 98 түлек білім грантын жеңіп алды.

Екінші мәселе бойынша директордың бейінді ісіжөніндегі орынбасары Г.Ж.Жәнібекова оқу жылының міндет, мақсатымен таныстырды. Биылғы жылдың ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

Атап айтатын болсақ оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33 оң аптасын, 2-11 сыныптарда-34 оң аптасын құрайды. 1-сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы оқу аптасын құрайды.

1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

- Ағылшын тілі 3 сыныптан бастап, орыс тілі 2-сыныптан бастап оқыту қабылданады.

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен 10-сынып жүктемесі 1 сағатқа артады.

- Әр пән бойынша күнтізбелік –тақырыптың жоспарындағы өзгерістерді қарап, пән мұғалімдерін таныстыру бірлестік жетекшілеріне тапсырылды.

Күн тіртібіндегі келесі мәселе бойынша Г.Ж. Жәнібекова 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспарымен таныстырып, талқылап, бекітуге ұсынады. Әдістемелік кеңестің мүшелерін сайлап, бекітті. Жыл бойы жасалатын жұмыстарды бөліп бірлесе атқаруға шақырды.

Мектептің жылдық жоспары мен даму жоспарға сай жасалған әдістемелік жылдың жоспарларды таныстырып, бекітуге ұсыну керектігін сөз етті. Келесі мәселе бойынша, әдістемелік бірлестіктер жоспарын қарап, мұғалімдерді 2023-2024 оқу жылында Қ.Р жалпы білім беру мектебінде ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сабақ жоспарына қосу керектігін таныстырды.

Бірлестік жетекшілер жасалған жылдың жұмыс жоспарлары, онкүндіктер уақыттарымен таныстырылды.

Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларының сапалығы мен бекітілуін қадағалау қорытындысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Бексейтова жетекшілерге тапсырды. Күнтізбелік жоспардың ерекшелігі оқу аптасының ұзарғандығын ескере отырып, сағат санына қарай барлық сағат санын талапқа сай жасап, пән мұғалімдеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу әр бірлестік жетекшілеріне тапсырды. Күнтізбелік жоспарды уақытында бекіту бірлестік жетекшілеріне қатаң түрде ескертілді.

Қаулы етеді:

- 1.2023-2024 оқу жылындағы 11-сыныптардың ҰБТ нәтижесін қадағалап отыру директордың оқу ісінің орынбасары Г.Бексейтоваға жүктелсін.
- 2.2023-2024 оқу жылындағы жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру директордың бейінді ісі жөніндегі Г.Ж.Жәнібековаға жүктелсін.
- 3.2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары бойынша жыл бойынша жұмыс жүргізіліп, қадағалап отыру директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Жәнібековаға жүктелсін.
- 4.Әдістемелік бірлестіктер жоспарын қарап, бекітуге ұсыну директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Жәнібековаға жүктелсін.

5. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарының сапалығымен бекітілуін қадағалау пән бірлестік жетекшілеріне жүктелсін.

Жиналыс жетешісі:  Г.Ж.Жәнібекова
Хатшы:  Ұ.Қ.Бекетова